ӘОЖ 94(575.4): 32(092)
ҒТАХР 03.20.00
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.103(3).19

Тайман С.Т.*, Бәкір Ә.Қ., Оразбақов А.Ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
***Автор-корреспондент:** taimansagat@gmail.com

E-mail: taimansagat@gmail.com; abdizhalel_bakir@mail.ru; aorazbakov61@mail.ru

ТҮРКІСТАН МҰҚТАРИЯТЫ: ОРТА АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АВТОНОМИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Андатпа. Мақала Алаш ардақтыларының бірі, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің бір белесі – Түркістан Мұқтарияты туралы жазылған. Кіріспеде бұл тақырып туралы осы кезге дейін арнайы еңбектерде аз жазылмағаны, алайда автономияның мемлекеттік құрылым ретінде нақты зерделенбегені айтылады. Сол себепті Түркістан Мұқтариятын Орта Азия мен Қазақстандағы тұңғыш мемлекеттік құрылым ретінде талдау, оның саяси-әлеуметтік сипаты мен автономия деңгейіндегі қызметін айқындау зерттеудің басты мақсаты болып отыр. Кеңестік жүйе 64 күн өмір сүрген автономияны жойып, бұл уақытта өзінің бар мемлекеттік болмысын толық көрсете алмаса да, Түркістан Мұқтарияты үкіметінің басты көрсеткіштерін жүзеге асыруда біршама жұмыстар атқарылды. Бұл бағыттағы Түркістан мұсылмандары орталық Кеңесінің, оның төрағасы, кейін автономия басшысы болған Мұстафа Шоқай өлке халықтары өкілдерін жұмылдыра отырып, негізгі мақсатқа жетуде ерекше қайраткерлік, ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асырды. Қорытындыда Түркістан Мұқтарияты үкіметінің, тіпті Өлкелік мұсылмандар Кеңесі мүшелерін қалыптастыруда демократиялық бағыттың ұстанылуы, осы арқылы автономияның ішкі тұтастығын сақтауға ұмтылуының саяси мәні мен тарихи тағлымының бүгінгі тәуелсіз Қазақстанмен идеялық сабақтастығы тұжырымдалды.

Кілт сөздер: Алаш; ұлт-азаттық қозғалыс; мемлекеттік құрылым; демократия; автономия; Орта Азия; Түркістан Мұқтарияты.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Патшалық Ресейдің отарлық үстемдігі күшейіп, жергілікті халықтың саяси, экономикалық және мәдени құқықтары шектеле түсті. Мұндай отарлық озбыр саясатқа қарсы қазақ қоғамында ұлт зиялыларының алғашқы толқыны қалыптаса бастады. Олар ел болудың, дербес мемлекеттілікті қалпына келтірудің жолдарын қарастырды. Дегенмен бұл кезеңде ұлттық элита толыққанды саяси тұжырымдамалар жасай алмағанымен, қазақ халқының еркіндігін, өз алдына ел болу идеясын алға тартты. Осы идея төңірегінде пайда болған ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістер – халықтың ішкі мұраты мен отарлық езгіге қарсы күресінің айғағы.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы Ресей империясының автократиялық жүйесіне соққы беріп, империя құрамындағы шеткері ұлттар арасында, соның ішінде қазақ даласында саяси серпіліс туғызды. Бұл тарихи кезеңде қазақ

зиялылары саяси талаптар көтеріп, халықтың мүддесін білдірген Қоянды петициясын қабылдады. Бұл құжатта сайлау жүйесін реформалау, діни бостандық, ана тілі мәселесі, сот жүйесі мен жерге меншік құқығы сияқты маңызды талаптар қойылды. Мұның өзі қазақ қоғамының саяси сана-сезімі мен белсенділігінің артқанын көрсетеді [1, 190-193 б].

1917 жылғы Ақпан төңкерісі – осы қозғалыстардың жалғасы іспетті болып, ұлттық күштердің бірігуіне және мемлекеттік құрылымға ұмтылуына жаңа мүмкіндіктер ашты. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысы осы кезеңде Ресей Федерациясы құрамында ұлттық автономия құру идеясын алға шығарды. Осы тарихи сәтте, Түркістан өлкесінде де ұқсас үрдіс байқалып, Түркістан Мұқтарияты құрылды. Алашорда мен Түркістан Мұқтарияты – отарлық езгіге қарсы тұрып, ұлттық мемлекеттілікке қол жеткізуге бағытталған алғашқы нақты қадамдар болды.

Түркістан Мұқтариятының құрылуы IV Төтенше өлкелік мұсылмандар съезінде жарияланғанымен, бұл бастама бүкіл аймақ халқының саяси еркін толық бейнелемейді деген көзқарас қалыптасты. Сондықтан автономияны заңдастыру және билікті кеңейту мақсатында 1918 жылдың наурызында Құрылтай жиналысын (парламентті) өткізу жоспарланған еді. Алайда кеңестік билік бұл бастамадан қауіптеніп, Мұқтарият үкіметін күшпен таратып, оның жұмысын тоқтатты. Соған қарамастан, Түркістан Мұқтариятының құрылу үдерісі – демократиялық бағыттағы алғашқы тәжірибе ретінде айрықша маңызға ие.

Мұқтарият үкіметі ішкі бірлік пен аумақтық тұтастықты басты қағидат етіп ұстанды. Алғашқы Түркістан мұсылмандары құрылтайында құрылған Өлкелік мұсылмандар кеңесі мен кейінгі Мұқтарият үкіметінің қызметі – жаңа мемлекеттік құрылымды қалыптастыруға бағытталған нақты әрекеттер болды. Осыған байланысты Түркістан Мұқтарияты бұрын тек тарихи оқиға ретінде қарастырылып келсе, бұл зерттеуде оны Орта Азия мен Қазақстан кеңістігіндегі жаңа үлгідегі алғашқы ұлттық мемлекеттілік тәжірибесі ретінде саяси тұрғыдан бағамдау көзделді. Бұрын көбіне тарихи аспектіде қарастырылған Түркістан Мұқтариятын Орта Азия мен Қазақстанда құрылым жаңа тұрпаттағы тұңғыш мемлекет ретінде алғаш саяси талданды. Мақаланың негізгі мақсаты – Түркістан Мұқтариятының құрылу алғышарттары мен тарихи-саяси мәнін зерттеу арқылы оны XX ғасыр басындағы Орта Азия мен Қазақстан кеңістігіндегі жаңа тұрпатты, ұлттық сипаттағы алғашқы мемлекеттік құрылым ретінде ғылыми тұрғыдан талдау. Сонымен қатар, Алаш пен Түркістан автономиясы арасындағы идеялық байланыстарды, кеңестік және шетелдік тарихнамадағы Мұқтариятқа қатысты түрлі көзқарастарды саралап, оның мемлекеттілікке ұмтылған демократиялық сипатын ашып көрсету болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Бұл мақаланың жазылуына негіз болған шетелдік және отандық басылымдардағы Түркістан Мұқтариятына қатысты мақалалардың нәтижесі болып отыр. Арнайы зерттеуге алып отырған бұл тақырып тиісті әдебиеттер мен энциклопедиялық басылымдарда аз жазылмаған. Түркістан Мұқтариятының Орта Азия мен Қазақстандағы алғашқы жаңа тұрпатты мемлекеттік құрылым ретінде зерттеу үшін 1917 жылғы берісі Түркістан, арысы Ресей империясындағы тарихи және саяси оқиғаларды талдап, салыстыра отырып, саяси-құрылымдық сараптамалар жасалды. Осындай ғылыми әдіс-тәсілдер негізінде автономияны құрудағы Өлкелік мұсылмандар кеңесінің қызметін барынша көрсетілді, оның болмысы мүмкіндігінше айқындалды.

Түркістан Мұқтариятын кеңестік жүйе аса қауіпті құрылым деп санап, қарулы күшпен жойды. Сондықтан ол мемлекеттіліктің бар сипатын айқындай алмады. Алайда өлкелік мұсылмандар кеңесі жергілікті халықты ұйымдастыра отырып, аз ғана уақытта мемлекеттіліктің талаптарына сәйкес көп жұмыс бітірді. Бұл туралы Мұстафа Шоқай былай деп жазды: «Өзі құрылған екі айдың ішінде Қоқан үкіметі не істеп үлгіре алды? Аз да, көп те. Тарихи кезеңнің талабынан қарағанда – аз. Тағы да сол тарихи кезеңнің тұрғысынан қарағанда, техникалық даярлығы мүлде жоқ түркістандықтардан құрылған мамандардың мөлшерімен есептесек, - көп» [2, 159 б.].

Ресейлік тарих ғылымдарының кандидаты Т.Котюкованың «Кокандская автономия: пролог гражданской или национально-освободительной войны в Туркестане?» деген мақаласында «Түркістан автономиясын қазақстандық тарихнама «Алаш Орда» үкіметімен қатар пайда болып дамыған «қазақ мемлекеттік жобасы» ретінде қарастырады дейді. Ал жетекші АҚШ пен Еуропаның мамандары бұл тақырып бойынша зерттеулердің айтарлықтай біржақты екенін айтады. Кеңестік тарихнама автономияның жариялануын шетелдік интервенция қолдаған жергілікті буржуазияның қарапайым авантюрасы деп санады, ал батыс ғалымдары мен қазіргі өзбек тарихнамасы мұны ұлттық мемлекеттілік құруға талпыныс ретінде қарастырды» деп көрсеткен [3, 286 б].

А.Халид: «Бұл үкімет Түркістандағы еуропалық халықтың өкілдігіне кепілдік берілетін аймақтық парламент сайлауын өткізуді көздеді. Аумақтық үкіметтің либералды Ресей құрамындағы автономиялығы туралы мәлімдемелерге қарамастан, оны жариялау риторикасынан Түркістан халқының ұлттық үкіметі екені айқын байқалды», - атап өтеді [4, 161 б]. Сонымен қатар, Түркістан Мұқтариятына қатысты Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер», «Қоқан автономиясы (1917-1937)», «Орта Азиядағы ұлттық қозғалыстар» («Национальное движение в Средней Азии») және француз тілінде жазылған «Ресей саясаты және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» атты еңбектерінде және ұлттық мұстафатану ғылымының негізін салушы К.Л.Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» және Өзбекстан мен Уфада жарық көрген Г.Агзамходжаев «История Туркестанской автономии: (Түркистон Мухтарияти)», Заки Валиди Тоғанның «Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других мусульман тюрков за национальное бытие и сохранание культуры» т.б.кітаптарда жан-жақты жазылды. Сондай-ақ мынандай мәселелер де аңғартады. Мысалы, «Туркестан в начале XX века: К истори истоков национальной безопасности» атты кітаптың арнаулы «IV Төтенше өлкелік мұсылмандар съезі. Түркістан Мұқтариятының құрылуы» деген он төрт беттік бөлімде бүкілтүркістандық ұлттық қозғалыстың ұйымдастырушысы да, үйлестірушісі да болған Өлкелік мұсылмандар кеңесі туралы айтылмаған [5]. Сондай-ақ Түркістан Мұқтарияты туралы қазақ тіліндегі әдебиеттерде Ұлттық кеңес мүшелері арасында белгілі өзге ұлттың өкілдерінің қызметтері де сирек аталады.

Зерттеудің мақсатына қол жеткізу және міндеттерін орындау үшін тарихи – салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Түркістан Мұқтариятының пайда болуы мен дамуын талдау барысында 1917 жылғы тарихи-саяси оқиғалар салыстырмалы түрде қарастырылды. Бұл әдіс сол кезеңдегі әртүрлі саяси құрылымдармен Түркістан автономиясын салыстыра отырып, оның ерекшеліктері мен тарихи маңызын анықтауға мүмкіндік берді. Тарихнамалық талдау әдісі арқылы Түркістан Мұқтариятына қатысты әртүрлі кезеңдерде жазылған зерттеулердің (кеңестік, шетелдік, заманауи) мазмұны сарапталды. Саяси-құрылымдық талдау әдісінің көмегімен басқару құрылымын, саяси

институттарын және олардың функциялары талданып, оның мемлекеттілікке ұмтылған құрылым болғанын дәлелдеуге көмектесті, ғылыми негізде тұжырымдар жасалды.

Зерттеу нәтижелері

Алаш жетекшісі Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде басылған «Жалпы Сібір съезі» атты мақаласында: «Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болған – дербес мемлекеттік құрылым болды. Алайда мұндай мемлекеттік құрылымды басқару күрделі міндет болып табылады. Қазақ қоғамында мұндай міндеттерді атқаратын білікті кадрларға мұқтаж болса, әрі халықтың сана сезімі белгілі деңгейге жетпеген болса, онда бұдан Түркістанның он есе артық екені белгілі» деген еді [6, 251б.]. Бұл Түркістан аймағындағы саяси-әлеуметтік жағдайды толық аңғартатын.

1917 жылғы наурыздың соңғы күндері Ресейдегі мұсылмандардың қоғамдық ұйымдарының жұмысына белсенді араласқан Мұстафа Шоқай өзін Ташкентке шақыртқан жеделхатын алды. Жеделхатта Ақмешіттен Түркістан өлкелік атқару комитетінің құрылтайына делегат етіп сайлағаны жазылған еді [2, 47 б.]. Бұл Ақпан төңкерісінен кейінгі туындаған Алаш жетекшілерінің шешімі болатын.

1917 жылғы 16-22 сәуір күндері өлке халықтарының саяси белсенділігі артқан жағдайда өткізілген Түркістан мұсылмандары алғашқы құрылтайында Өлкелік мұсылмандардың орталық кеңесіне өкілдер сайланды. Кеңес төрағасы болып Мұстафа Шоқай сайланса, мүшелері Заки Валиди, Махмудхожа Бехбуди, Убайдулла Қожаев т.б. болды. Кеңестің ұйымдастыру бөлімінің құрамына да бірнеше адам кірді. Осымен кеңесті Түркістан халқының өкілдерімен нығайтуда маңызды қадам жасалды.

Құрылтайда делегаттар Ресейдің федеративті тұрғыдағы демократиялық республика болып құрылуын қалайтындықтарын, ұлттық аймақтарға кең көлемдегі автономия берілуін жақтайтындықтарын және Уақытша үкіметке қолдау көрсететіндіктерін танытты. Бұл Түркістан мұсылмандарының бірыңғай ұйымға біріге алғанының оң нәтижесі болатын.

Орталық кеңес пен оның төрағасы Мұстафа Шоқай революцияның алғашқы күндері құрылған араларында байланысы жоқ, болған күнде көбіне қайшылықты қарым-қатынасты екінші қатарға қойып, түрлі мұсылман қоғамдарын, комитеттер мен одақтарды бір орталыққа біріктіруге ұмтылады. Осы уақытта тек Ташкент өңірінің өзінде тіпті жарғысы мен бағдарламасы жоқ екі жүзден әрі әртүрлі ұйымдар болған еді. Тіпті өлкелік деңгейдегі екі мықты ұйым – «Шура-и-Исламия» және одан бөлініп шыққан «Шура-и-Улема» («Ғұлама қоғамы») арасындағы талас-тартыстың өзі-ақ жетіп артылатын. Бұлар 7-11 және 17–20 қыркүйекте өткен II және III мұсылман құрылтайларында Түркістанның мемлекеттік құрылымын тануда түрлі ұстанымдарда болды. Егер алғашқысы сол кездегі саяси жағдайды ескеріп, езгіге түскен халқының жайын ойлап, оны реформалаудың жолдарын ақылдасып, азат, тәуелсіз, жартылай тәуелсіз сияқты жақын араб елдерінде жинақталған тәжірибені ұлттық қозғалыста пайдалануға ұмтылса, ал екіншісі Уақытша үкімет құрған Түркістан комитетінің жанында «Mahкамаи шариат» («Шариғат соты») деп аталатын депутаттардың мәжілісін (сенат) ұйымдастырып, Түркістан өлкесіне қатысты Бүкілресейлік жарғыларды осы шариғат мекемесіне бағындыру талабын қойды [2, 32 б.].

1917 жылдың күзінен Түркістанның саяси-қағамдық дамуында екі бағыт айқындала бастайды. Оның бірі - ұлттық күштердің Түркістан автономиясын жариялауға дайындағы. Бұл билік басына келердегі большевиктердің ұрандарына қарай Ресейдің демократиялық бағытына сенгеннен туған ұстаным болды. Екіншісі - большевиктердің жергілікті халықтың автономия идеясымен санаспай,

өкімет билігін басып алуға ұмтылуы. Алайда көп ұзамай жүзеге асқан Қазан төңкерісі, Ақпан революциясының демократиялық бағытына үміт артқан ұлт-азаттық қозғалысқа үлкен соққы болды. Осымен байланысты туындаған мәселелерді талқылау үшін Мұстафа Шоқай қазақ зиялыларымен басқосуға Орынборға барады. Онда Әлихан Бөкейхан бастаған топ демократия мен Құрылтай жиналысының идеяларына адал болуды, большевиктерді мойындамауды, облыстық автономиялық дербестік саясатын жүзеге асырған Украинаны бағдарға алуды, Түркістанда да егемендік үшін күрес жолына түсуді ұсынады [6, 215 б.].

Осы шешімді басшылыққа алған Мұстафа Шоқай Ташкентке оралған кезде мұндағы большевиктер жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестерінің өлкелік III съезінде билік басына келген еді. Тек орыстар мен еврейлерден тұратын үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі болмады. Ташкент түгелдей дерлік большевиктер басқарған қарулы орыс жұмысшылары мен әскерлерінің ықпалына ауысқаннан соң Мұстафа Шоқай Қоқанға ауысады. Бұлай таңдау кездейсоқ болған жоқ. Қоқан Түркістан өлкесіндегі Ташкенттен кейінгі дамыған ірі қалалардың бірі еді. 1870 жылы орыс басқыншылары жаулап алғанша мұнда Қоқан хандығы орталық болып, белгілі территорияны иемденген болатын. Бұл Орталық кеңестің өз төңірегіне жалғыз Ферғананың ғана емес, Түркістанның барлық контрреволюциялық күштерін топтастыруға мүмкіндік берді. Өз жақтастары қатарына орыс жұмысшылары мен шаруаларының бір бөлігі тартылды. Алайда бұл орыс топтарының жергілікті халыққа ықыласынан емес, большевиктерге дұшпандығынан туды. Ең бастысы «Шура-и-Улемамен» («Ғұлама қоғамы») ымыраға қол жеткізіледі. Содан жылдың аяғына қарай Орталық кеңес Түркістан ұлттық қозғалысының жетекші күшіне айналады. Осындай себептен 12 қарашада Ташкентте өткен мұсылман ұйымдарының бірлескен кеңесі мәжілісінің қарарында: «Биліктің Солдат, жұмысшы және шаруа депутаттары кеңесінің қолына көшуіне байланысты жалпы халықтың он миллионнан астамын, яғни Түркістан өлкесі бойынша тоқсан сегіз пайызын құрайтын мұсылмандар Ресей революциясы жариялаған бостандық, теңдік, бауырластық жөніндегі үндеу негізінде ұлттық-мәдени тұрғыда толық өзін-өзі басқару құқығы бар» деп көрсетілді [7].

Мұның барлығы IV Төтенше Өлкелік мұсылмандар съезін дайындауға алып келді. Сол себепті Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін Уақытша үкімет биліктен кетіп, сонымен қатар Түркістанғы басқару Жұмысшылар мен солдат депутаттарының жағына көшкені туралы, 25 қарашада Қоқанда шақырылатын төтенше құрылтайға өз өкілдерін жіберуді сұраған хаттар жер-жерге жіберіледі [8, 225 б]. 1917 жылғы 25 қарашада Қоқан қаласында ұйымдастырылған Шора-и-Исламия бас кеңсесінде аумақтық және уездік ұйымдардың мүшелері бас қосып, Өлкелік мұсылман кеңесінің болашақ саяси күресінің тактикасы мен әдістерін талқылаған кеңес өтеді. Онда Құрылтайды ұйымдастыру бюросының төрағасы Мұстафа Шоқай Қоқанға келген делегаттармен алдағы жиынның күн тәртібі, съездің мандат комиссиясы мен төралқа құрамы т.б. мәселелер бойынша пікір алысады. Қорытындыда мынандай басты мәселелер қаралатын болып шешілді: мемлекеттік басқару жүйесі және совет үкіметімен қатынас сипаты, генерал Дутовтың Кеңестермен барлық қарым-қатынастарын үзіп, большевикке қарсы құрылған Оңтүстік-Шығыс Одағына (ОШО) кіру туралы ұсыныстарына қатысты ұстанымды анықтау, атқару комитетін сайлау, Түркістан заң шығарушы билігін құру мен Түркістан Құрылтай жиналысын шақыру және т. б. [9].

Кеңесте сол кездегі саяси жағдайда ескере отырып, Түркістанда құрылатын мемлекеттің статусы туралы мәселе талқыланады. Ұйымдастыру бюросы құрамында болған он өкілдің жетеуі большевиктік биліктің «Бейбітшілік туралы» және «Мұсылмандарға үндеу» декреттерін негізге ала отырып, дербес Түркістан мемлекетін жариялау бастамасын қолдады. 26 қарашада Қоқан қаласында өткен өлке халқының IV құрылтайын Мұстафа Шоқай салтанатты түрде ашты. Құрылтайға 250 делегаттар құрамында Түркістан татарлары бюросы өкілдерімен қатар, Кеңесік өкіметті мойындамаған орыс социалистік партиялары мен жұмысшылары ұйымдары мүшелері, жергілікті Дума өкілдері де қатынасты. Бұл, он миллион халқы бар Түркістанның өз мүддесіне сәйкес келетін шешімдерді қабылдауға толыққанды құқылы екендігін танытты. Мұны «Улуг Туркистон» газеті: «бұл съезді тек мұсылмандардың деуге болмайды, мұны бүкіл Түркістан халқының съезі деген дұрыс болар еді» деп жазды [9].

Үш күнге созылған талқылаудан соңғы күні, яғни 28 қарашада төтенше Құрылтай өлке халықтарының еркін білдіре отырып съезд Төралқасының тапсырмасы бойынша Түркістан өлкесінің болашақ саяси құрылымын былайша айқындады: «IV төтенше Түркістан өлкелік съезінде түркістандықтардың ұлы Ресей революциясы ұсынған бастамаларында өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысын көрсетіп, Түркістанды Федеративтік Демократиялық Ресейдің құрамындағы аумақтық автономия ретінде таныды. Автономияның басқару жүйесін ұйымдастыру қысқа уақыт аралығында өткізілетін Түркістан Құрылтай жиналысының қарауына берілді. Съезд Түркістан аумағында тұрып жатқан ұлттық азшылықтардың құқықтары толыққанды қорғалатынын ресми тұрғыда жариялайды» [8, 228 б.]. Сондай-ақ қаулыда мемлекеттік құрылым «Түркістан Мұқтарияты» (Түркістан автономиясы) деп аталды. Өкімет билігі Түркістан құрылтайы шақырылғанша Түркістан Уақытша Кеңесіне және Түркістан Халық (ұлттық) жиналысына берілді. Уақытша Кеңес мүшелерінен 12 адамнан тұратын үкімет құрылатын болды. Оның 8-і жергілікті халықтан, 4-еуі басқа халық өкілдерінен деп белгіленді. Ал Түркістан Уақытша кеңесінің саны бұрын Түркістан өлкесінен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына берілген депутаттардың саны бойынша анықталды (32 адам). Халық кеңесінің құрамында (54 адам) 18 орын (үштен бірі) әртүрлі аймақтық европейлік ұйымдардың өкілдеріне бөлінді. Шын мәнісінде, мемлекеттік құрылымның ұсынылған схемасы ірі этникалық топтардың пропорционалды өкілдігі принципіне негізделді [10].

Мұндай мемлекеттік құрылымды шешетін Құрылтай (парламенттің) сайлауы деген түсінік Бірінші жалпықазақ съезінде қабылданған «Алаш» партиясының бағдарламасының негізінде туындаған болатын [5, 254 б.]. Өлкелік орталық кеңес төрағасы Мұстафа Шоқай мен оның мүшелері келешек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында (парламент) парламенттік республика орнайтынына сенді [2, 46]. Ерікті қауымдастықтардың негізінде саяси интеграциялаған көп этносты қоғамға айналған Швейцария үлгісімен Түркістанда Мұстафа Шоқайдың федерация құруды армандауы да осы ойлармен сабақтас болатын [2, 221 б.].

Түркістан автономиялық мемлекеттік құрылымының қалыптасуы туралы «Улуг Туркистон» газетінде мемлекеттік құрылымның ұлттық-демократиялық бағытты түсіндіре отырып, басылымның редакциялық мақаласында келесідей жайтты көрсетті: «Мұсылмандардың автономия жариялауы өзге халықтардың құқықтарын шектеуді көздемейді. Түркістан Ресейден бөлінуді мақсат етпей, оның құрамындағы дербес бөлік ретінде сақталатыны көрсетіледі. Өлкеде тұратын орыстарға, еврейлерге, армяндарға

және өзге этностарға тең құқықтар беріліп, олар автономиялық құрылымның толыққанды мүшелері ретінде қоғамдық өмірге қатысады.» [9].

Түркістан Мұқтарияты Уақытша үкіметі өзінің құрылған күнінен бастап алда тұрған бірінші кезектегі міндеттерді белгіледі. Ең алдымен көбірек мән берілгені кадр мәселесі, халықтық милиция жасақтау, қарулы күштерді ұйымдастыру, қаржы және салық жүйесін ретке келтіру, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерді қалыптастыру сияқты жаңа саяси құрылымның өзекті міндеттерін айқындайтын бағдарлама әзірлеумен ғана шектелмей, оларды жүзеге асыру жұмыстарына да кірісті. Түркістан Мұқтариятының үкіметі елдің конституциясының жобасын дайындау үшін белгілі заңгерлер тартылды. Жер мәселесіне байланысты заңдар дайындалды. Сондай-ақ аз уақыттың ішінде халықты азық-түлікпен және ең қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру, Түркістан автономиясының қаржылық қорын қалыптастыру, сондай-ақ өңірді мекендеген барлық ұлттардың құқықтарын қорғау т.б. шаралар белгіленді. Ең бірінші - Уақытша үкімет Түркістандағы шаруаларды, жұмысшыларды және дін өкілдерін автономия идеясының айналасына біріктіруге ұмтылып, нәтижесінде бірқатар жергілікті мекемелер мен шетелдік ұйымдардың жаңа мемлекеттік құрылымды тануына қол жеткізді. Ферғана өңірі автономиялық басқару жүйесіне көшіріліп, сот қызметі жолға қойылды. Сонымен қатар, Бақылау палатасы, Мемлекеттік банк және Сот палатасы сияқты мекемелер автономияның саяси бағыты мен бағдарламалық ұстанымдарын қабылдады.Ұлттық әскери кадрлардың жетіспеуі зор қиындық туғызып, әскер жасақтау ісі негізгі мәселелердің біріне айналды.. Бұл жағдай патшалық билік тұсында даярланған орыс және татар офицерлерін, сондай-ақ тұтқындағы түрік офицерлерін де тартуға итермеледі. Солдат қатарына жергілікті халықтың арасынан шыққан еріктілермен бірге кавказдық және парсылық еріктілер де қабылданды. Автономия үкіметі еларалық байланыстар орнатуға да әрекет жасады. Мұндай ынтаны таныған ағылшын және Америка Құрама Штаттарының әскери-дипломатиялық топтары автономия үкіметіне белсенді түрде қолдау көрсетуге тырысып, 1918 жылы 15 (28) қаңтар күні Кеңестік Ресейге интервенция жасау және ақгвардиялық ұйымдар мен «Ресейдің оңтүстігі және оңтүстік-шығысындағы үкіметтерді» қолдау қажеттігі туралы меморандум жолдады [11, 15 б.].

Үкіметтің қаржы қызметін жолға қою мақсатында 30 млн рубльге ішкі заем беріліп, Қоқан қаласы мен оның төңірегіндегі тұрғындар, Мемлекеттік банктің Ферғана бөлімшесінің өкілдері, жекеменшік қаржы ұйымдары және Самарқанд мемлекеттік банкі облигацияларға ерікті түрде жазылды. Осы кезеңде «Ұлы Түркістан ұлттық банкін» құру жөніндегі үкіметтік жоба да дайындалып жатты. Бұл жалпы үкіметтің қаржы мәселесін шеше алмаса да, белгілі дәрежеде пайда келтірген еді.

Мұстафа Шоқай жетекшілігімен салық салудың жаңартылған тәртібін енгізуге бағытталған заң жобасын дайындау үшін қаржы қызметкерлерінің арнайы отырысы өткізілді. Жаңа демократиялық мемлекеттік құрылымның құқықтық іргетасын қалыптастыру үшін Конституция жобасы және Түркістан Құрылтай жиналысын өткізу туралы заң дайындалып, кейіннен Халық Кеңесінде талқыланып, ресми түрде бекітілді.

Халық ағарту министрі болған Н.Төре жетекшілігімен бастауыш мектептерді ұйымдастыру жұмыстарын қолға алып, вакуфтік мүлікті пайдалану жөніндегі заң жобасын әзірлеу ісін жүйеледі. Нан тағамдарын сатып алуды ұйымдастыру үшін азық-түлік министрі А.Махмудов Солтүстік Кавказ өңіріне жұмыс сапарымен барды. Жер шаруашылығы министрі Хидоятбек Юргули-Агаев желтоқсан айының соңына қарай жер мәселесіне қатысты заң жобасын әзірлеу жұмысын аяқтады.

Өлкелік мұсылмандар съезінің Түркістанды автономия жариялап, бұл шешімді баянды етуді көздеген мұндай аз уақытта жүзеге асқан шаралар жергілікті халықтар тарапынан қызу қолдау тапқаны белгілі. Мұны қолдаған митингілер, шерулер бірінен соң бірі өтіп жатты. Осындай іс шара 1917 жылдың 13 желтоқсан күндері Ташкентте өтті. Бұл туралы: «Автономияның жариялануы түркістандықтардың саяси рухын бірден күшейтіп жіберді. Автономияның орталығы Қоқан қаласындағы сияқты Ташкент қаласы да айрықша әсерлі күндерді кешіріп жатқан еді. Ташкенттегі орыстар да бір үлкен мерекеге әзірленіп жатты. ...Егер сол кездің мәліметтеріне көз жіберсек, жалпы халықтық мерекенің бір ғажайып көрінісін елестеткен болар едіңіз». Бұдан ары Ташкент маңынан 10 мыңнан аса жігіттер қалаға атпен кіреді. Қала көшелері «Түркістан автономиясы жасасын!», «Түркістан құрылтай мәжілісі жасасын!» «Автономия үкіметі жасасын!» деген тәрізді ұрандармен безендірілген еді. Мерекені ұйымдастырушылардың түрік жағын бастап жүрген аса жігерлі де намыскер қайраткеріміз Мүнуар Қари болатын». Алайда бұл митингінің аяғын большевиктер қанды қырғынға ұшыратады. Мұстафа Шоқай осыларды баяндай келіп: «Орыс большевиктері Түркістан автономиясын бізбен бірге, міне, осылай мерекелеген еді» деп жазды [12, 289 б.].

Осы қантөгістің барлық жауапкершілігін Түркістан Мұхтариятына жауып, кеңестік ықпалды күшейтуге ұмтылған өлкелік Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ф. Колесов 1917 ж. Петроградқа жеделхат жолдайды. Бұл жағдай туралы мәселе 1917 жылдың 16 желтоқсанында Петроград Халық Комиссарлары Кеңесі отырысында В.И.Лениннің қатысуымен талқыланады [13, 187 б.]. Ал 27 желтоқсанда Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталин БОАК (ВЦИК) отырысында жасаған баяндамасында "Халық комиссарлары Советтері (Сібір, Беларусь, Түркістан) үлгісінде құрылған облыс орталықтары тиісті нұсқау алу үшін Кеңес Комиссарлары Советіне жүгінген болатын. Халық Комиссарлары Кеңесі оған: "жергілікті жерде өздерің билік иесіңдер, нұсқауларды өздерің қабылдайсыңдар» деп жауап берді [13, 56 б.]. Бұл жауап жеделхат иелеріне ғана пайдалы болды. Қырғынға ұшыраған халық жайы далада қалды.

5–13 желтоқсан күндері аралығында Орынбор қаласында II жалпықазақ съезінде Мұстафа Шоқай съезд делегаттарына Түркістан өңіріндегі Автономия құрылғандығы туралы жаңалықты жеткізеді. Қоқан автономиясының, жаңадан құрылған Алашорда өкіметінің де мақсат-мүддесі ұлттық бірлік екенін білдіре отырып, II жалпықазақ құрылтайы делегаттарын Түркістанмен бірге болуды алға тартады. Бұл ұсыныстан кейін Алаш Орда мен Түркістан Мұқтарияты арасындағы қарым-қатынастар мәселесі қызу талқыланып, келесідей қаулы қабылданады: 1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса, алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді. 2. Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми иғлан етуге ерікті. 3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілсе, әркім өз күнін өзі көреді. 4. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін» [14;56].

Бұдан соң Орынбордан Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай екеуі дайындаған жеделхат жіберіледі. Оның мазмұны мынандай еді: «Екінші жалпы қазақ сиезі барша қазақ-қырғыз облыстарын біріктіріп, бір жергілікті автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алаш ордасы 5-ші қаңтарда Түркістан шаһарында Сырдария облысының сиезін шақырады» [15; 193].

Жоспарланған съезд 1918 жылғы 6-9 қаңтарда Түркістан шаһарында өтеді. Талқылау қорытындысында мынандай қаулы қабылданады: «1) Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясы болғандықтан әзірге Түркістан автономиясында қалады; 2) «Алаш» автономиясы жарияланып, Түркістанмен одақтық қатынас орнаған жағдайда, Сырдария өңіріндегі қазақ-қырғыз халқы сол сәттен бастап «Алаш» автономиясының құрамына енгізіледі; 3) Сырдария аймағы қосылған жағдайда «Алаш» автономиясының астанасы ретінде Түркістан қаласы белгіленеді. [16, 277].

Күн тәртібіндегі мәселенің осылай шешім таппай қалуының басты себебі сол уақытта Азамат соғысының басталуымен байланысты Орта Азия мен Қазақстан аумағында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай және Сырдария облысының Түркістан автономиясы құрамынан бөлініп кетуі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына елеулі соққы болды деген тұжырым еді. Соңғы шешім: Бүкіл Ресейлік Құрылтай жиналысы өткенше қазақ даласы мен Түркістан өңірі дербес автономиялық құрылымдар ретінде сақталды.

Сырдария қазақтарының съезін большевиктер де қатаң бақылаумен шектелмей, мұсылман еңбекшілерін өз ықпалына тартуға бағытталған әрекеттер де жүзеге асырған болатын. Съезде большевиктер кеңесінің мүшесі П.Г. Полторацкий Түркістан автономиясының дұрыс негізде құрылмағанын, сондай-ақ ол жалпы халық мүддесіне сай келмейтінін алға тартты. Ол өз көзқарасын түрлі дәлелдермен негіздеп, большевиктер тарапынан Түркістан автономиясының мойындалмайтынын және оған еркіндік берілмейтінін мәлімдеді [17, 278 п.].

Желтоқсан айының соңына қарай Орынбордан оралған, қарым-қабілетін, дарыны мен парасат-пайымын танытқан Мұстафа Шоқайға ерекше сенім көрсетіп, 1918 жылғы қаңтар айының басында Түркістанның басшылығына ауысады. Үкіметтің алғашқы басшысы Мұхамеджан Тынышбайұлы бұл қызметтен кетеді.

Ұлттық кеңес Түркістан автономиясын нығайту арқылы ғана қалаған еркіндікке жететінін ойлап, бұқара халықтың, демократиялық саяси партиялар мен қозғалыстардың белсенді қолдауын қамтамасыз ету үшін жұмысшылар, солдаттар мен дихан депутат-мұсылмандардың төтенше съезін ұйымдастырды. 1917 жылдың 25 желтоқсанында Қоқан қаласында өткен бұл съезге қатысып, сөйлеген комиссар П.Г.Полторацкий жергілікті халықты таптық негізде бөлшектеп: «біз кедейлердің автономиясына қарсы емеспіз, бірақ байлардың автономиясына қарсымыз», - деді [16, 71 б.]. Съезд автономиялық үкіметті қолдады және Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен кездесіп, Түркістан автономиясы мәселелерін жеке түсіндіру үшін арнайы делегация жіберу туралы ұсынысты талқылап, Петроград Халық Комиссарлар Кеңесінің атына жеделхат жіберу туралы шешіммен шектелді. Бұл 1917 жылы 28 желтоқсанда жасалды. Жеделхатта Түркістан халқы екі съезде бірауыздан Түркістан автономиясын жариялағаны, оны аймақтың қалалары мен ауылдарының әртүрлі ұйымдарының қолдағаны айтылып: «Түркістан жұмысшылары мен мұсылман сарбаздарының I төтенше съезінде қабылданған қарарды хабарлай отырып, Сіздерден Ресей демократиялық республикасының жоғарғы билігі ретінде Түркістанды ұлы апаттан алып келу үшін Түркістанның уақытша Үкіметіне билікті тапсыру туралы Ташкент халық комиссарлары кеңесіне өкім беруіңізді сұраймыз» деп жазылды [18]. Мұнымен қатар съездің тапсырмасы бойынша бұрынғы Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, Бүкілресейлік Халық комиссарлары кеңесінің мүшесі В.А.Алгасов арқылы Мұстафа Шоқаймен кейін де біраз жыл тығыз қарым-қатынаста болған В.А. Чайкин Халық комиссарлар Кеңесіне Түркістандағы биліктің ұлттық азшылық өкілдері

ретінде жергілікті жұмысшылар мен шаруалардың қолына өту идеясын саяси-идеялық тұрғыдан қолдауды, аймақтағы өкімет билігін Түркістан Мұқтариятының Уақытша үкіметіне тапсыру туралы нақты нұсқаулық әзірлеу қажеттігін сұраған өтініш жолданады. Ол Ұлттар ісі жөніндегі комиссар И.В. Сталинге түседі. Оған былай деген жауап беріледі: «Кеңестер өздерінің ішкі мәселелерін дербес шешетін және нақты күш-қуатына сүйене отырып әрекет ететін автономды құрылымдар ретінде қарастырылды. Осыған байланысты олардың пікірінше, Түркістандағы жергілікті пролетариат өкілдеріне Ташкент Кеңхалкомының құрамындағы әскери бөлімді тарату мәселесін Петербургке жеткізудің қажеті болмаған. Егер жергілікті жұмысшылар мен шаруалардың күші жеткілікті болса, бұл құрылымды күш қолдану арқылы таратуға болатыны айтылды» [18, 133 б].

Халық комиссарлар Кеңесінің бұрынғы және бұл жауаптары үкімет мүшелері арасында келіспеушіліктерге бастау болды. Билікті қолға алған большевиктер де бар үгіт-насихатты қолға алған болатын. Алдымен «Шура-и- Улема» ұйымы көтерген талаптар жүзеге асырылмады деген себепті алға тартып, С. Лапин Уақытша кеңес құрамындағы қызметін тоқтатты. 5 қаңтарда Ташкент қаласындағы Жұма мешітінде «Улема» ұйымының жиналысы өткізіліп, Түркістан автономиясын мойындамау туралы шешім қабылданды.

Осындай жағдайларды пайдаланып, Түркістандағы большевиктері өздері бақылауға алып отырған жерлерінде өзге партиялар мен қоғамдық ұйымдардың, басылымдардың жұмысын тоқтатады. «Шора-и-Исламия» ұйымын да таратады. 1918 жылғы 18–23 қаңтар аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан Кеңестерінің IV съезі автономия үкіметінің ұсыныстарын қараудан бас тартып, Қоқан автономиясы үкіметін заңсыз деп тану, оның басшыларын тұтқындау және автономиялық құрылымды тарату туралы шешім шығарды. [19; 88-89]. Түркістан автономиясын жою үшін Мәскеуден Ташкентке 11 эшелон армия мен артиллерия жеткізіледі. 1918 жылдың 6 ақпанда әскери қимыл басталып, қанды қырғын үш күнге созылады.

Қоқан автономиясы барлығы 78 күн ғана өмір сүрді. Басшылары тұтқынға алынды. Ал Мұстафа Шоқай Ферғана тауларын аралап, талай тағдырлы жайларды бастан өткізіп, Ташкентке, сосын Әзірбайжанға, Грузияға жетті. Тифлисті большевиктер әскерлері басып алғаннан соң Батуми арқылы Түркияға, онда аз уақыт болып, Еуропаға аттанып, Парижге жетті. Өмірінің 20 жылдан астамын осында өткізіп, бар саяси қызметін де, шығармашылық жұмысын да эмиграцияда жалғастырған болатын.

Түркістан Мұқтариятының құлауының себептері, әрине, көп болды. Большевиктердің тарапынан кең ауқымда жүргізілген жүйелі үгіт-насихаттың ықпалы нәтижесінде автономияның негізгі мақсат-мұраты толық түсінілмей, қарапайым халық тарапынан жеткілікті қолдау таппады. Сонымен қатар, Петербургтен бастау алып, Ташкентте белсенді дамыған Жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі бұл автономиялық құрылымды мойындамады. Кейін билікке келген Кеңес өкіметі алғашқы кезеңнен бастап-ақ Түркістандағы аталған автономияны қауіпті саяси құрылым ретінде бағалап, өздерінің бұрынғы мәлімдеме, Үндеу де қағаз жүзінде қалдырды.

Осылай жеңіліске ұшырағанымен және мемлекеттіліктің бар сипатын айқындай алмағанменен Түркістан Мұқтарияты халық жадынан жоғалған жоқ. Оның басты себебі Түркістан Мұқтарияты өлке халықтарының азаттық үшін әлі әлсіз болса да, айрықша бедерлі із қалдырған алғашқы күресі болатын.

Өлкеде не жарғысы, не бағдарламалары жоқ әртүрлі ұйымдардың, әсіресе діни саладағы таным-түсініктердің әртүрлілігі көптеген қиыншылықтарға бастау болды. Осындай жағдайды өлкедегі бар саяси және рухани мүмкіндіктерді пайдаланып, жергілікті халықтың алдыңғы қатарлы өкілдерін басты мақсатқа ұйыстыра алған Мұстафа Шоқайдың айрықша саяси ұйымдастырушылық қабілетін де көрсетті. 1942 жылдың 8 ақпанында Парижде өткізілген Мұстафа Шоқайұлын еске алуға арналған салтанатты жиында Украина Халық Республикасының бұрынғы Сыртқы істер министрі А.Я.Шульгин сол кезеңдегі елдің аса күрделі тарихи жағдайларын еске ала отырып, оны тек құқықтық немесе ресми тұлға ретінде ғана емес, шын мәнінде тұтас Орта Азия мен Түркістан халықтарының саяси әрі рухани көшбасшысы ретінде бағалады» деп жазған еді [20;291].

Қорытынды

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихында зор қоғамдық мәні бар оқиға болып саналған Түркістан Мұқтарияты өлке халқының жанды мүдделерін ескерген, ұлттық даму мен гуманизм қағидаларына негізделген, жергілікті халықтың әртүрлі тобының қолдауын тапқан Орта Азия мен Қазақстандағы тұңғыш ұлттық демократиялық мемлекет болатын. Мұстафа Шоқай бастаған ұлт зиялылары бұл құрылымды ұлттық тәуелсіздікке жетудің бейбіт әрі құқықтық жолы ретінде көрді. Түркістан Мұхтариятының құрылуы – тек саяси дербестікке ұмтылу ғана емес, сонымен қатар демократиялық басқару, заң үстемдігі, ұлттық теңдік, білім беру мен экономикалық реформалар сияқты салаларда нақты бағдарламалық ұстанымдармен ерекшеленді. Мұстафа «Қоқан автономиясы. (1917-1937)» атты мақаласында: «Бүгінгі таңда Қоқан автономиясымен тарихи сабақтастық оның кезеңінде қалыптасқан Түркістан ұлттық бірлігін жаңғыртуға және оны одан әрі бекітуге бағытталған үдеріс ретінде қарастырылады.» деген болатын [21; 275].

Мемлекеттік құрылымның ұсынылған схемасы ірі этникалық топтардың пропорционалды өкілдігі принципіне негізделсе, биліктің уақытша «Түркістан Уақытша Кеңесіне» және «Түркістан Халық (ұлттық) жиналысына» берілуі, соңғы сөзді Түркістан құрылтайының (парламенттің) шақырылуына қалдыруының да тағылымдық жағы жоқ емес. Бұл Республика Парламентін жетілдіре түсуде, оның шынайы халықтың мінбері болуына апарар жол деп түсінген жөн. Сонымен қатар бұл құрылым – қазақ пен өзбек, түрікмен мен қырғыз, татар, башқұрт сынды т.б түркітілдес халықтарының ортақ тағдырын біріктіру идеясының бастамасы болды. Мұстафа Шоқай тек автономияның құрылымын жасап қана қойған жоқ, оның мазмұнын, идеологиялық негізін, тарихи заңдылығын дәлелдеген мемлекетшіл тұлға ретінде танылды. Ол басқарған Түркістан Уақытша үкіметі – бүгінгі тәуелсіз мемлекеттер тарихындағы мемлекеттік ойлаудың, демократиялық үдерістің және ұлттық еркіндікке ұмтылыстың алғашқы көрінісі еді. Мұхтарият – ұлттың өзін-өзі билеу құқығын жүзеге асырудың нақты тәжірибесі ғана емес, болашақ ұрпақ үшін мемлекеттік құрылымдасу мен саяси егемендік жолындағы күрестің тарихи үлгісі болды.

Түркістан Мұқтарияты мен бүгінгі Түркі мемлекеттері ұйымының стратегиялық миссиясы арасында айқын тарихи, зияткерлік және саяси сабақтастық бар. Ол ұлт болмысын сақтау мен дамыту жолындағы ең басты алғышарт ретінде – әр халықтың өз тағдырын өзі шешуін, еркін білім алып, ана тілінде сөйлеуін, шынайы тарихын білуін, мәдени мұрасын қорғауынан көрінеді. Бұл идеялар бір ғасырға жуық уақыт өткен соң, қазіргі түркі елдері арасындағы интеграциялық процестерде қайта жаңғырып, нақты құрылымдар мен жобалар түрінде іске асырылуда.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения / Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. Т.3. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 656 б.

[2] Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т.– Алматы: Қайнар, 2007. –384 б.

[3] Котюкова Т.В «Кокандская автономия: пролог гражданской или национально-освободительной войны в Туркестане?» // Евразийский ежегодник 2023 (1). М.: РАН, 2023. - 516 с.

[4] Халид А. Центральная Азия: От века империй до наших дней; Пер. с англ. — М. : Альпина нон-фикшн, 2024. - 560 с.

[5] Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости / / Коллектив авт.: Р. М. Абдуллаев, С. С. Агзамходжаев, И. А. Алимов и др./.— Т.: «Шарк», 2000,— 672 с.

[6] Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения / Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. Т.9. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 576 б.

[7] Хасанов М. Альтернатива. Из истории Кокандской автономии // Звезда Востока. 1990. №7. С.106.

[8] Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.- Т.III.- 664 б.

[9] «Улуг Туркистон» 1917. 8 желтоқсан.

[10] «Эль Байроги» 1917. 22 желтоқсан.

[11] Полыковская О. А. Массовые революционно-демократические организации трудящихся коренных национальностей города в борьбе за власть Советов в Туркестане, февраль 1917 - май 1918 годы : диссертация ... кандидата исторических наук : 07.00.02 / Моск. гос. пед. институт им. В. И. Ленина. -Москва, 1989. – 206 с.

[12] Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 1-т.– Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. –352 б.

[13] В.И. Ленин. Биографическая хроника (1870-1924гг.). Т.5. –М: Политиздат, 1974. – С. 187.

[14] Документы по истории гражданской войны в СССР. Т.1. – М. 1841. – С. 56.

[15] «Қазақ» газеті. 1917 жыл./Құраст. Ғ.Әнес; Т.Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 568 б.

[16] Бірлік туы» газеті. 1917-1918 жылдар./Араб қарпінен аударған: А.Мырзағали. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. -436 б.

[17] Шамагдиев А.Ш. Разгром контрреволюционных буржуазных «автономистов» /Сборник статаей.Т., 1957. С 71.

[18] ГАРФ, ф.138, оп. I, д. 48, л.22.

[19] Чайкин В.А. Казнь 26 бакинских комиссаров. М., 1922. С.133.

[20] Тұрсын Х. М. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасу және күйреу тарихы (1917–1918 жж.). тарих. ғыл. канд. дис. / Х.М.Тұрсын; Ш.Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты: ғыл. жет. Қ.Нұрпейіс. – Астана. 2001. -149 б.

[21] Шокай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. XI том.– Алматы:
Дайк-Пресс, 2014.- 544 б.

[22] Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 392 б.

REFERENCES

[1] Bokeyxan A. Sıqarmaları – Soçineniya / Alixan Bokeyxan. – Tolıqt. ekinşi bas. T.3. – Astana: Sarıarqa, 2016. – 656 b.[*Bokeikhan A. Works – Works / Alikhan Bokeikhan. – Complete. second edition. T.3. – Astana: Saryarka, 2016. – 656 p.*]. [in Kazakh].

[2] Soqay M. Tandamalı şıqarmaları: Uş tomdıq. 3-t.– Almatı: Qaynar, 2007. –384 b. [*Shokai M. Selected Works: Three Volumes. 3-Volume.– Almaty: Kaynar, 2007. –384 p.*]. [in Kazakh]

[3] Kotyukova T.V «Kokandskaya avtonomiya: prolog grazhdanskoy ili natsional'no-osvoboditel'noy voyny v Turkestane?» // Yevraziyskiy yezhegodnik 2023 (1). M.: RAN, 2023. - 516 s. *[Kotyukova T.V. "Kokand Autonomy: Prologue to a Civil or National Liberation War in Turkestan?" // Eurasian Yearbook 2023 (1). Moscow: RAS, 2023. - 516 p.].* [in Russian]

[4] Halid A. Centralnaya Aziya: Ot veka imperii do nashih dnei; Per. s angl. - M. Alpina non_fikshn_ 2024. _ 560 s. [Adib Khalid. Central Asia: From the Age of Empires to the Present Day. Translated from English. - Moscow: Alpina Non-Fiction, 2024. - 560 p.]

[5] Turkestan v nachale XX veka: K istorii istokov nacional'noj nezavisimosti / / Kollektiv avt.: R. M. Abdullaev, S. S. Agzamhodzhaev, I. A. Alimov i dr./.— T.: «Shark», 2000,— 672 s.*[Turkestan at the Beginning of the 20th Century: On the History of the Origins of National Independence / / Collective of authors: R. M. Abdullaev, S. S. Agzamhodjaev, I. A. Alimov et al. – Tashkent: "Sharq", 2000. – 672 p.]* [in Russian].

[6] Bokeyxan A. Sıqarmaları – Soçïnenïya / Alïxan Bokeyxan. – Tolıqt. ekinşi bas. T.9. – Astana: Sarıarqa, 2016. – 576 b.*[Bokeikhan A. Works – Compositions / Alikhan Bokeikhan. – Complete. second edition. T.9. – Astana: Saryarka, 2016. – 576 p.].* [in Kazakh]

[7] Khasanov M. Al'ternativa. Iz istorii Kokandskoy avtonomii // Zvezda Vostoka. 1990. №7. S.106. *[Khasanov M. Alternative. From the history of the Kokand autonomy // Star of the East. 1990. No. 7. P. 106.].* [in Russian]

[8] Soqay M. Şıqarmalarının tolıq jïnağı: On eki tomdıq. – Almatı: Dayk Press, 2012.- T.III.- 664 b. *[Shokai M. Complete Collection of Works: Twelve Volumes. – Almaty: Dyke Press, 2012.- Vol. III.- 664 p.].* [in Kazakh]

[9] «Ulug Turkiston» 1917. 8 jeltoksan. *["Great Turkiston" 1917. December 8].* [in Kazakh].

[10] ««Él Bayrogï» 1917. 22 jeltoqsan. *["El Bairogi" 1917. December 22.]. [in Kazakh].*

[11] Polykovskaya O. A. Massovyye revolyutsionno-demokraticheskiye organizatsii trudyashchikhsya korennykh natsional'nostey goroda v bor'be za vlast' Sovetov v Turkestane, fevral' 1917 - may 1918 gody : dissertatsiya ... kandidata istoricheskikh nauk : 07.00.02 / Mosk. gos. ped. institut im. V. I. Lenina. -Moskva, 1989. – 206 s. *[Polykovskaya O. A. Mass revolutionary democratic organizations of workers of the indigenous nationalities of the city in the struggle for power.* [in Russian].

[12] Soqay M. Tandamalı şıqarmaları: Us tomdıq. 1-t.– Almatı: «Qaynar» baspası. – 2007. –352 b.*[Shokai M. Selected Works: Three Volumes. 1-t.– Almaty: "Kainar" Publishing House. – 2007. –352 p.].* [in Kazakh].

[13] Lenin V.I.. Biograficheskaya khronika (1870-1924gg.). T.5. –M: Politizdat, 1974. – S. 187.*[V.I. Lenin. Biographical Chronicle (1870-1924). V.5. –M: Politizdat, 1974. – P. 187.].* [in Russian].

[14] Dokumenty po istorii grazhdanskoy voyny v SSSR. T.1. – M. 1841. – S. 56. *[Documents on the history of the civil war in the USSR. V.1. – M. 1841. – P. 56.].* [in Russian]

[15] «Qazaq» gazeti. 1917 jıl./Qurast. G.Anes; T.Zamzaeva. – Almatı: «Alaşorda» qoqamdıq qorı, 2023. – 568 b. *["Kazakh" newspaper. 1917./Edited by G. Anes; T. Zamzaeva. – Almaty: "Alashorda" Public Foundation, 2023. – 568 p.].* [in Kazakh]

[16] «Birlik tyı» gazeti. 1917-1918 jıldar./Arab qarpinen awdarğan: A.Mırzagali. Astana: «Alasorda» qoqamdıq qorı, 2023. -436 b. *["Birlik Tuy" newspaper. 1917-1918./Translated from Arabic: A. Myrzagali. Astana: "Alashorda" Public Foundation, 2023. -436 p.].* [in Kazakh]

[17] Shamagdiyev A.SH. Razgrom kontrrevolyutsionnykh burzhuaznykh «avtonomistov» /Sbornik statayey.T., 1957. S 71. *[Shamagdiev A.Sh. Defeat of counter-revolutionary bourgeois "autonomists" /Collection of articles. T., 1957. P. 71.].* [in Russian]

[18] GARF, f.138, op. I, d. 48, l.22. *[Gosudarstvennyy arkhiv Rossiyskoy Federatsii (GARF), f.138, op. I, d. 48, l.22.].* [in Russian]

[19] Chaykin V.A. Kazn' 26 bakinskikh komissarov. M., 1922. S.133. [Chaikin V.A. Execution of 26 Baku Commissars. Moscow, 1922. P.133.]. *[Chaikin V.A. Execution of 26 Baku Commissars. Moscow, 1922. P.133.].* [in Russian]

[20] Tursın X. M. Turkistan (Qoqan) avtonomiyası: qalıptasw jane kuyrew tarixı (1917–1918 jj.). tarix. qıl. kand. dïs. / X.M.Tursın; S.S. Walïxanov atın. tarix jane étnologiya ïnstitytı: ğıl. jet. Q.Nurpeyis. – Astana. 2001. -149 b.*[Tursyn H. M. Turkestan (Kokkan) autonomy: history of formation and collapse (1917–1918). history. sci. cand. dis. / H.M. Tursyn; Sh.Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology: sci. ed. K.Nurpeis. – Astana. 2001. -149 p.].* [in Kazakh]

[21] Sokay M. Şıqarmalarınıñ tolıq jïnağı: On eki tomdıq. XI tom.– Almatı: Dayk Press, 2014.- 544 b.*[Shokai M. Complete Works: Twelve Volumes. Volume XI.– Almaty:Dike Press, 2014.- 544 p.].* [in Kazakh]

[22] Soqay M. Tandamalı şığarmaları: Uş tomdıq. 2-t. – Almatı: «Qaynar» baspası. – 2007. – 392 b. *[Shokai M. Selected Works: Three Volumes. 2nd ed. – Almaty: "Kainar" Publishing House. – 2007. – 392 p.].* [in Kazakh].

Тайман С.Т., Бакир Ә.Қ., Оразбақов А.Ж.

ТУРКЕСТАНСКАЯ МУХТАРИЯТ: ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПЕРВОГО АВТОНОМНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация. Статья посвящена одному из этапов политической деятельности выдающегося представителя движения «Алаш» и лидера национально-освободительного движения Туркестана - Мустафы Шокая, а именно Туркестанской Мухтариата. Во введении отмечается, что хотя данной теме ранее уделялось внимание в научных трудах, автономия как форма государственного устройства ещё не была всесторонне проанализирована. В связи с этим основная цель исследования - рассмотреть Туркестанскую Мухтариат как первое государственное образование в Центральной Азии и Казахстане, выявить её политико-социальные особенности и функции на уровне автономии. Несмотря на то, что советская власть ликвидировала автономию спустя 64 дня и она не успела полностью реализовать свой

государственный потенциал, правительство Туркестанской Мухтариата смогло предпринять ряд значимых шагов. Центральный совет мусульман Туркестана и его председатель Мустафа Шокай, впоследствии ставший главой автономии, проявили высокие организаторские и лидерские качества, сплотив народы региона ради общей цели. В заключении подчеркивается политическое значение демократического подхода в формировании органов власти автономии и идейная преемственность этого исторического опыта с независимым Казахстаном.

Ключевые слова: Алаш; национально-освободительное движение; Государственное устройство; демократия; автономия; Центральная Азия; Туркестан.

S.T. Taiman, A.K.Bakir, A.Zh.Orazbakov

TURKESTAN MUKHTARIYAT: THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE FIRST AUTONOMOUS STATE FORMATION IN CENTRAL ASIA

Annotation. This article explores a key stage in the political career of Mustafa Shokay, a prominent figure of the Alash movement and leader of the Turkestan national liberation movement - the Turkestan Autonomy (Mukhtariyat). While previous studies have addressed the topic, the autonomy has not been fully examined as a form of statehood. The article aims to analyze the Turkestan Autonomy as the first state formation in Central Asia and Kazakhstan, highlighting its political and social characteristics and its autonomous functions. Although the autonomy existed for only 64 days before being abolished by the Soviet regime, it managed to implement several important initiatives. Under the leadership of M.Shokay, who headed the Central Muslim Council of Turkestan and later the autonomy itself, significant organizational and unifying efforts were made among the region’s peoples. The conclusion emphasizes the democratic principles in forming government institutions and the ideological continuity between the autonomy and modern independent Kazakhstan.

Keywords: Alash; national liberation movement; state structure; democracy; autonomy; Central Asia; Turkestan**.**